

*Рустамбекова М. Е.<sup>1</sup> Оспанова Алия Абдужапаровна<sup>2</sup>*

<sup>1</sup>*Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, п.ғ.к., доцент м.а.*

<sup>2</sup>*Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, PhD доктор, доцент м.а.*

## **ҰЛЫБРИТАНИЯДАҒЫ «ЖАҢАШЫЛ» БАҒЫТТАҒЫ ЛЕЙБОРИСТТІК ПАРТИЯНЫҢ МОДЕРНИЗАЦИЯЛАНУЫНДА ЭНТОНИ БЛЭРДІҢ РӨЛІ**

### *Аннотация*

Мақалада «жаңа бағыттағы» лейборизм ұғымына тоқтала келе, Ұлыбританиядағы осы лейбористтік партияның саяси ұстанымдарын күрт өзгерту арқылы Тони Блэрдің билік басына келу алғышарттары қарастырылған. Сонымен қатар, Т. Блэрдің лейбористтік партияның ішіндегі беделі, өзіндік құндылықтары талданды. XX ғасырдың соңы мен ХХІ ғасырдың басында ағылшын экономикасы жақсы қарқынмен даму жолына түскендігі баяндалған. Жиырма жылға созылған жаңа реформа кезінде қазіргі салалық құрылымдар жоғары қарқынмен дамып, ағыл- шын өнімдерінің бәсекелестік деңгейі мықты екенін дәлелдей түсті. Өндірілетін өнеркәсіп өнімдерін көбейту жолындағы қызмет көрсету жұмысы алғашқы орынға шықты. Ауыл шаруашылығы саласы да жақсы дамып, халықтың азық-түлікке деген сұранысы қамтамасыз етілді.

**Кілтті сөздер:** лейборизм, партия, консерваторлар, билік, саяси жүйе, саяси модернизация.

*Rustambekova M. E.<sup>1</sup> Ospanova Alia Abduzhaparovna<sup>2</sup>*

<sup>1</sup>*Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University ,  
candidate of pedagogical sciences, acting assistant professor*

<sup>2</sup>*Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, PhD Doctor, acting Associate Professor*

## **THE ROLE OF ANTHONY BLAIR IN THE MODERNIZATION OF THE "INNOVATIVE" LABOR PARTY IN THE UK**

### *Abstract*

The article focuses on the concept of the “new direction” and discusses the prerequisites for Blair’s coming to power by radically changing the political position of this Labor Party in the UK. The prestige and values of Blair in the Labor Party were analyzed in the article. In the late twentieth and early twenty-first centuries, the British economy began to grow at a good pace.

During a new reform that lasted twenty years, current industry structures developed rapidly, proving that competition for British products was high. Maintenance work to increase industrial production came to the fore. The agricultural sector is also well developed and food demand is satisfied.

**Key words:** labor, party, conservatives, power, political system, political modernization.

*Рустамбекова М. Е.<sup>1</sup> Оспанова Алия Абдужапаровна<sup>2</sup>*

<sup>1</sup>*Международный казахско-турецкий Университет им. Ахмеда Ясауи, к. п.н., и.о.доцент*

<sup>2</sup>*Международный казахско-турецкий Университет им. Ахмеда Ясауи, PhD доктор, и.о.доцент*

## РОЛЬ ЭНТОНИ БЛЭРА В МОДЕРНИЗАЦИИ «ИННОВАЦИОННОЙ» ЛЕЙБОРИСТСКОЙ ПАРТИИ В ВЕЛИКОБРИТАНИИ

### Аннотация

В статье основное внимание уделяется понятию «нового направления», а также обсуждаются предпосылки прихода к власти Блэра путем радикального изменения политической позиции этой лейбористской партии в Великобритании. Престиж и ценности Блэра в Лейбористской партии были проанализированы в статье. В конце двадцатого и начале двадцать первого веков британская экономика начала развиваться в хорошем темпе. Во время новой реформы, которая длилась двадцать лет, нынешние отраслевые структуры быстро развивались, доказывая, что уровень конкуренции за британские продукты высок. Работы по техническому обслуживанию для увеличения промышленного производства вышли на первый план. Сельскохозяйственный сектор также хорошо развит, и спрос на продукты питания удовлетворен.

**Ключевые слова:** труд, партия, консерваторы, власть, политическая система, политическая модернизация.

Ұлыбританияның партия жүйесі «саяси маятник» іспеттес, билік басына не консерваторлар, не лейбористер келіп алмасып отырған парламенттік басқару типіндегі мемлекет.

1994 жылдың мамырында Джон Смит қаза тапқаннан кейін оның орнына Тони Блэр келді. Т.Блэрдің тез арада лейбористердің билік басына келуі консерваторларға үлкен қауіп туындатқаны бекер болмағаны тарих бізге дәлелдеп отыр. Смит «*бір қалыпты лейборист*» болатын, яғни ол «ескі лейбористердің» ұстанған сан жылдар бойы «*дұрыс*» деп санаған құндылықтарымен жүруге тырысатын. Атап айтар болсақ ол құндылықтар келесідей:

- әлеуметтік теңдік дәстүрін ұстану.

- бай адамдар үшін, алып капиталисттер үшін салық мөлшерінің жоғары дәрежеде болуын талап ету.

- мемлекеттік коммуналдық қызмет көрсету жүйесін жақсарту.

Тони Блэр болса өзіне «жаңашыл бағыттағы лейборист» атауын жариялап, өзінен алдыңғы партия басшысы Смиттің сайлау алды саясатын бұрыс деп есептеді. Смит британдық электораттардың қолдауына ие болғанымен оппозиционер ретінде стратег-консерваторлар оны әлсіз қарсылас деп санайтын.

Ғалым, тарихшы, А. Валуев Тони Блэрге-саяси тұлға ретінде портрет жасауға тырысып, осы тұлғаның Ұлыбританияның дамуында атқарған роліне де талдау жасады[1]. Тарихшы Ұлыбританиядағы партиялық жүйенің өз Тони Блэрдің биліктегі мансабын саяси өзгергіштіктің бейнесі деп атап, 1994 жылы лейбористер партиясы сайлаудағы жеңіліске жетуі себебінен толығымен партия ыдырай бастады, сондай-ақ партия басшылары билікке қайта келуге ықпал ететін әрбір мүмкіндікті пайдалануды жөн санады. Амбициялы парламентарий-лейбористері әрдайым оппозицияда болудан шаршағандығын білдіре бастады. Сондықтан партия басшыларына парламенттегі билікке жеткіздіретін басшы керек болатын. Осы мақсатқа қол жеткізетін басшы ретінде Блэр таңдап алынды. Бірақ лейбористер партиясының басшыларының бірде бірі Блэрдің осы партияның атынан шыққанымен, партияның құндылықтары мен ұстанымдарын қаншалықты қолдамайтындығын сезінген де жоқ, ешкім Блэрдің Екінші Дүние Жүзілік соғыстан кейінгі ел билеген консервативті премьер-министрлердің саясатын жалғастырушы болып шығатынын алдын ала біле де алмады[2, 36-41 бб].

Партияның жаңа басшысы Тони Блэрдің басты ұраны «модернизация» болды. Блэр жаңашылдығы саяси философия емес, нарықтық стратегия ретінде көріне бастады. Дегенмен де бұл саяси ұстаным өз нәтижесін бірден берді: дәл сол жылдың өзінде лейбористер қоғамдық қолдау мен қоғамдық пікір бойынша консерваторларды жеңіп алға шықты. Әлеуметтанушылардың пікірінше дәл сол жылы парламенттік билікке сайлау жүргізілгенде лейбористер жеңіп шығар еді.

Ұлыбританияның ХХ ғасырдың соңғы он жылдығындағы сыртқы саясатын зерттеушілер Е.В. Бадьян, Д.О. Ежевский, С.И. Коданева, П.О. Каракчиев, В.К. Ломакин, Л.В. Никитин, В.Ф. Сорокина, Е.А. Суслопарова, В.Г. Шемятенков және т.б. авторлар Блэрдің не істегені емес, Блэрдің саяси стратегияларды қалай жүргізгендігі таң қалдырды деген пікірлер білдіреді. Жаңа лидер билік басына келгенде ол басқаратын лейбористер партиясы көптеген жылдар қатарынан билікке келе алмай, бірінен соң бірін жалғастырған жеңілістерден ыдырау үстінде болғандықтан Блэр келесі жеңістерде лейбористерді жеңіске жеткізе алатын адам ретінде жариялай да бастады.

Блэр лейбористтер партиясының басына келген сәттен бастап партияның құндылықтары мен ұстанымдарын толығымен өзгертті. Бұл өзгертуді Блэр «жаңарту» деп те атауды жөн көрді. Лейборизмнің барлық дәстүрін бұзып қана қоймай, партияның сан жылдар бойы өзгермеген, тұрақты тұжырымдарына өзгерістер енгізді. Блэр билікке келген сәттен бастап солшылдар мен оңшылдар арасында, яғни прогрессивті социалисттер мен реформаторлар арасында пікір-таластар жүргізілуі дәстүрге айналды. Дегенмен де лейбористтер партиясында 1918 жылы қабылданған Лейбористтер партиясының ескі жарғысының танымал социалистік 4 статьясында көрініс тапқан дәстүрлері болды және партияның әрбір мүшесі осы жарғыны құрметтеді. Блэр 4 статьяны жоққа шығаруға батылы жеткен, кейіннен жоққа шығарған да бірінші лейбористтік лидер [3, 139-145 бб]. Нәтижесінде лейбористтік партияның басты құндылықтары аяққа тапталды деп көптеген тарихшылар мойындайды.

Болашақ премьер-министрдің саяси линиясы оның партия лидері ретіндегі алғашқы жариялымдарынан да байқауға болады. Өзінің сайлау алды сөздерінің бірінде Тони Блэр «жаңа оңшыл» лейбористтермен келесі жағдайларда келісетіндігін мәлімдеген болатын, оларға:

- ел басындағы билік шамадан тыс ұжымшылдығымен көзге түседі, осыған қарсылығын білдірді.

- ел билеуше партиясы мен парламентте бюрократия бар деп мойындады, осы фактіні жоюды ұсынды.

- мемлекеттік ел экономикасына араласу көлемі шамадан тыс жоғары деп бағалады.

Блэрдің ойынша лейбористтер дәстүрлі лейборизм концепцияларынан тез арада бас тартып, лейбористтер қарсылық таныту саясатынан үкіметте тәртіп орнату саясатына ауысу керек деген ұстанымда бірінші күннен-ақ білдіруден танбады.

Американдық тарихшылар мен саясаттанушыларды Ұлыбританиядағы саяси билікке келудегі лейбористтік партия концепцияларының XX ғасырдың соңғы он жылдығындағы түбегейлі өзгеруі мәселесі қызықтырды. Мысалы, Британия ғалымдарының ұжымдық бірлестігі 1997 жылдың өзінде ел билігіне келген Лейбористтік партияның басшысы Тони Блэрдің елдің саяси өміріндегі күрделі бұрмалаң өзгерістерге алып елуші тұлға ретінде перспективалы үміттермен бағалаған еңбектері жарық көрді. Кейіннен Ұлыбританияның Лейбористтік партиясымен байланысты жариялымдар ел билеуші Блэр үкіметі администрациясының жасап жатқан шынайы қадамдарын тестілеу арқылы партияның өзгеруін сынаушы мақалалар мен зерттеулермен толықтырыла бастады. Ел басқарып отырған неолейбористтік партия басшыларының сөздері мен істерін аналитикалық тұрғыдан сәйкестендіру арқылы ел билеушілеріне оң және теріс пікір айтушы ғалымдардың еңбектерін табуға болады [4].

Партия лидері ретіндегі жасаған бірінші қадамынан-ақ Блэр өзінен алдыңғы лейбористтік лидерлер іспеттес лейбористтік партия мен кәсіподақ қозғалыстарының арасындағы қақтығыстарға тап болды. Жаңа лидер өзінің Даунинг Стрит 10 табалдырығын аттаған сәттен бастап кәсіподақ қозғалыстары өзінің артықшылықтары мен алдыңғы игіліктерінен айырылатындығын жасырған жоқ. Блэрдің ойынша кәсіподақ ұйымы өзіндік кәсіподақ функциясын, ал лейбористтік партия үкіметтегі өзінің функциясын атқаруы керектігін және екеуі бір-біріне еш байланыспау керектігін мәлімдеді.

Блэрдің кәсіподақ қозғалысына қатысты бір беткейлік саясатының өзіндік себептері де болады: 70-жылдардың ортасында кәсіподақ ұйымымен жасалған тарихи келісім-шарты лейбористтер партиясы үшін саяси қауіптілікпен тарихта қалған болатын. Тэтчер үкіметі кәсіподақ құқықтарын қысқартқанда, яғни кәсіподақ қозғалысының заңмен бекітілген «игіліктерге көмілген» немесе саяси билікке араласуға құқығы берілген ұйым статусынан айырған сәтте барлық британ еңбекшілері бұл шешімді қолдаған болатын.

1996 жылдың қыркүйек айында «жаңашыл» лейбористтік партиясының бір лидері Стивен Бауэрс өзінің брифингтерінің бірінде партияның дәстүр бойынша жалғасып келе жатқан кәсіподақ ұйымымен байланысын үзетіндігін жариялады. Лейбористтік партияның «Индепендент» газеті партияда күн сайынғы жаңашылдықтар мен өзгерістер жүргізілгенімен және бұл күтілмеген шешімнің салдары болатындығын ескерген еді.

Газет журналисттері «жаңашылдықтардың» бастаушысы болған жаңа лидер, яғни Тони Блэр партия конференцияларында болатын партияшілік талас-тартыстарға дайын болуын ескерді. Сонымен бірге алда болатын сайлау алды кампанияларында лейбористтік партияның кәсіподақ ұйымының қаржылай көмегісіз партияның жеңіске жетуі екі талай екендігі айтылды, бірақ Блэрдің кәсіподақ ұйымының билігін шектеуі британдық сайлаушылардың көңілінен шыққандығы да айдан анық көрсе-тілді. Екі күннен кейін солшыл «Гардиан» газетінде Тони Блэрдің осы саяси

әрекеттеріне арналған мақала жарияланды. Онда партия лидерінің бірден екі майданда күрес жүргізіп жатқандығы көрсетілді:

1. Консервативті оппозиция.
2. Өз партиясындағы белсенділер.

1996 жылы желтоқсанның соңында «Файнешл Таймс» 1996 жыл Тони Блэр үшін табысты жыл болмады деп жазды. Блэрдің саяси беделінен айырылу себептері ретінде төмендегі факторлар көрсетілді:

1. Қарсылас консерваторлардың күшеюі.
2. Шотландиядағы тәуелсіз парламент құру туралы референдум туралы Тони Блэрдің ұсынысының сенімсіз жариялануы.

3. Партияның жарқын өкілдерінің бірі Харриет Харманның өз ұлын танымал жекешеленген мектепке беруі туралы шешімі, бұл факт «ескі лейбористтердің» арасында ұрыс туындатты.

1997 жылғы сайлауда лейбористтер қоғамдық палатаның басым бөлігінің қолдауына ие бола алды. Осыдан кейін лейбористтер билікке келген сәттен бастап сыртқы саясаттан алдын, елдің ішіндегі реформалау саясатын қарқынды жүгізуді бастады. Ел билігіне дәстүр бойынша солшыл центристтік партия келгенімен, бұл партияны көпшілік қауым ұлттық байлықты аз қамтамасыз етілгендерге бөліп берумен айналысады деп қабылдағанымен, іс жүзінде барлығы мүлдем өзгеше тарихи фактілермен аяқталды [5, 103 б].

Негізінен лейборизм ұғымы қарапайым халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартумен, елдің басты кәсіпкерлеріне немесе ірі кәсіпкерлікке салықты көбейту арқылы төменгі тап өкілдерінің әлеуметтік жағдайын жақсартуды көздеуші саяси бағыт деген ұғыммен астарлас. Дегенмен де Блэр «жаңашыл лейбористтер» деген лақап атты енгізуінен бастап елде төмендегідей лейборизм идеясына мүлдем қайшы келетін оқиғалар көрініс тапты. Оларға:

- Елде жекешелендіру саясаты қарқындалды.
- Кәсіподақ ұйымының саяси мүдделері қысқартылды, биліктегі алған орны төмендетілді.
- Ірі кәсіпкерлікке салық мөлшері ұлғайтылмақ түгілі, бұрынғы мөлшерден қысқартылды.

Т.Блэр үкімет басына келген сәтте Ұлыбританияның дамушы елдердің арасындағы әлемдік шаруашылық саласындағы беделінің төмен кезіне тура келді. Осы жәйт Блэрдің алдына елдің сыртқы экономикалық саясатын реттеу мәселесінде бірнеше проблемаларды шешуді талап етті. Ол проблеманың ең алғашқысы, әрі ең маңыздысы-британ монополиясының стратегиялық ұстанымдарындағы экономикасы артта қалған елдердің алатын орнын анықтап алу.

Кейбір ғалымдар тек лейбористтік партия басшыларының ісімен бірге Тони Блэрдің жеке саяси тұлға ретіндегі ішкі және сыртқы саясатты басқарудағы жетістіктері мен кемшіліктеріне талдау жасаған зерттеулер де бар. Мысалы, А Громыко Ұлыбританияның сыртқы саяси бағытындағы партиялық ерекшеліктерге назар аударса [6], Д Харви [7] мен О. Павлова [8] лейбористтік партияның оның ішіндегі Блэрдің үкімет басына келу алғышарттарын зерттеумен айналысты. Ғалымдардың пікірінше дәл сол жылы парламенттік билікке сайлау жүргізілгенде лейбористтер жеңіп шығар еді. Көптеген саясаттанушылар Блэрдің не істегені емес, Блэрдің саяси стратегияларды қалай жүргізгендігі таң қалдырды деген пікірлер білдіреді.

Сонымен, қорытындылай келе, жаңа лидер билік басына келгенде ол басқаратын лейбористтер партиясы көптеген жылдар қатарынан билікке келе алмай, бірінен соң бірін жалғастырған жеңілістерден ыдырау үстінде болғандықтан Блэр келесі жеңістерде лейбористтерді жеңіске жеткізе алатын адам ретінде жариялай да бастады. Блэр лейбористтер партиясының басына келген сәттен бастап партияның құндылықтары мен ұстанымдарын толығымен өзгертті. Бұл өзгертуді Блэр «жаңарту» деп те атауды жөн көрді. Блэр билікке келген сәттен бастап солшылдар мен оңшылдар арасында, яғни прогрессивті социалисттер мен реформаторлар арасында пікір-таластар жүргізілуі дәстүрге айнала бастады.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Валуев А.В. *Европейское направление внешней политики Великобритании при «новых лейбористах»: Автореф. дис. ... канд. ист. наук / А.В. Валуев; СПбГУ. — Санкт-Петербург, 2007.*

2. Павлова О.Ю. *Британские «новые лейбористы» и американские «новые демократы»: сходство и различие в политической судьбе / О.Ю. Павлова // Диалог Атлантика – Урал : сборник научных работ и материалов конференции. – Челябинск : ПИРС, 2006. – С. 36 – 41*

3. Павлова О.Ю. *Парламентские выборы 1997 г. в Великобритании : географическое измерение / О.Ю. Павлова // Материалы конференции по итогам научно-исследовательских работ аспирантов и соискателей ЧГПУ за 2006 г. – Челябинск : Изд-во ЧГПУ, 2007. – С. 139 – 145*

4. Ник Ассиндер. Профиль: Тони Блэр // *BBC News*, 20.07.2004 // [news.bbc.co.uk](http://news.bbc.co.uk)
5. Милин Н. Н. «Третий путь» Тони Блэра // *Международная жизнь*. 1999. № 7.-С.103.
6. Громыко А.А. Модернизация партийно-политической системы Великобритании (1970-е – 2005 гг.) : дис. ... д-ра полит. наук. М., 2005.
7. Харви Д. *Краткая история неоллиберализма*. М., 2007; -48 б
8. Павлова О.Ю. Парламентские выборы 1997 г. в Великобритании : географическое измерение / О.Ю. Павлова // *Материалы конференции по итогам научно-исследовательских работ аспирантов и соискателей ЧГПУ за 2006 г. – Челябинск : Изд-во ЧГПУ, 2007. – С. 139 – 145.*

**List of references:**

1. Valuev A.V. European direction of foreign policy of Great Britain at the new labour market: abstract. dis. ... Kand. East. nook / A. V. Valuev; Stbgu. - St. Petersburg, 2007.
- 2.Pavlova O. Yu. British "new laborers" and American "New Democrats": the situation and variety in the political Court / O. Yu.Pavlova // *dialogue Atlantic – Ural* : collection of scientific works and materials of the conference. Chelyabinsk: Pierce publ., 2006. - P. 36-41
3. Pavlova O. Yu. parliamentary elections in 1997 in Great Britain : Geographical Survey / Pavlova O. Yu. // materials of the conference on the results of scientific and research work of postgraduates and applicants of CHGPU for 2006-Chelyabinsk: from-to CHGPU, 2007. - p. 139 – 145
4. Nick Assins. Profile: Tony Blair // *BBC News*, 20.07.2004 // [news.bbc.co.uk](http://news.bbc.co.uk)
5. Milin N. N." The Third Way " Tony Blair // *international life*. 1999. No. 7. - p.103.
6. Gromyko A. A. modernization of the party and political system of Great Britain (1970-e-2005.): dis. "Dr. Polit. nook. Moscow, 2005.
7. Harvey D. *Kratkaya history of neoliberalism*. Moscow, 2007; -48 P
- 8.Pavlova O. Yu. parliamentary elections in 1997 in Great Britain : Geographical Survey / Pavlova O. Yu. // materials of the conference on the results of scientific research work of postgraduates and applicants of CHGPU for 2006-Chelyabinsk : from – to CHGPU, 2007.-p. 139 – 145.